

Қамқоршылық кеңес

«Жасұлан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорниының
ҚК комиссия отырысының

№1 хаттамасы

04.05.2022 жыл

Қатысқандар саны: 11

Қатыспағандар саны:0

Күн тәртібі

1.1 Балабақшада Қамқоршылық кеңесін ұйымдастырудың тиімділігі.

1.2 Қамқоршылық кеңес туралы ақпарат беру.

1.3 Қамқоршылық кеңес құру және төрағасын сайлау.

1.1 Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесін ұйымдастыру туралы айтып өтті.

1.2 Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен балабақша арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен балабақша арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. ҚК қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. ҚК негізгі мақсаты балабақшаның мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүліктік ресурстарды тарту болып табылады.

Сұрақ: ата-ана Шыңғаева Назерке

1. Қамқоршылық қызметінің жұмысы қалай жүргізіледі?

Жауап: балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева

ҚК жұмысына қоғамның әр-түрлі әлеуметтік-кәсіптік топтары тартылады. Экономикалық-білім беру мекемесін бюджеттен тыс қаржыландыруды жүзеге асырмай, оның дамуы ғана емес, қызмет жүргізуі де мүмкін емес. Саяси-ҚК жергілікті билік органдары мен басқа да әлеуметтік әріптестерді пайдаланады.

Сұрақ: ата-ана Тлеужанова Гулжанат

2. Балабақшаға қамқоршылық кеңес не үшін қажет?

Жауап: балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген арттықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша бюджеттен тыс қаржы іздеп қана қоймай, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. ҚК мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады.

1.3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева Қамқоршылық кеңесінің құрамы мен Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау туралы айтты.

ҚК құрамына аудандық депутат – 1, ішкі істер бөлімінен – 1 қызметкер, жергілікті атқарушы орган өкілінен – 1 қызметкер, әр топтан ата-ана комитетінен – 1 ата-анадан және балабақша ата – аналар комитетінің төрайымы мүше болатыны туралы ақпарат берілді.

Ата –аналар комитеттерінің және жергілікті атқарушы орган,ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің дауыс беру нәтижесінде, Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып балабақша бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Хамзина Ақмарал Сайрамбековна тағайындалды.

Сөйлеу:

1.3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева Қамқоршылық кеңесінің құрамы мен Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау туралы айтты.

ҚК құрамына аудандық депутат – 1, ішкі істер бөлімінен – 1 қызметкер, жергілікті атқарушы орган өкілінен – 1 қызметкер, әр топтан ата-ана комитетінен – 1 ата-анадан және балабақша ата – аналар комитетінің төрайымы мүше болатыны туралы ақпарат берілді.

Ата –аналар комитеттерінің және жергілікті атқарушы орган,ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің дауыс беру нәтижесінде, Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып балабақша бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Хамзина Ақмарал Сайрамбековна тағайындалды.

Шешім:

1. Қамқоршылық құрамы бекітілсін.

ҚК Төрайымы: «Балапан» тобының ата-аналар комитеті және балабақша бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Хамзина А.С

Қамқоршылық кеңес мүшелері :

«Балапан» тобының ата-аналар комитеті: Шыңғаева Н

«Мұрагер» тобының ата-аналар комитеті: Дүйсенбина Г

«Балдырған» тобының ата-аналар комитеті: Ерсайнова Б

«Күншуақ» тобының ата-аналар комитеті: Бекенбаева А

«Қарлығаш» тобының ата-аналар комитеті: Тлеужанова Г

Ішкі істер бөлімінің өкілі: Хасен Б

Жергілікті атқарушы орган өкілі: Өтешова А

Аудандық депутат: Өскенбаев Б

Хатшы: Өзімбекқызы М

2. ҚК құрамы балабақшаның қажеттілігіне сүйеніп жоспары жасақталсын.

3. Қамқоршылық жұмысы жүйелі түрде жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Хамзина

Кеңес хатшысы:



М.Өзімбекқызы